



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.034

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Курманова Гулжанат Турегалиевна  
тарих пәні мұғалімі*

*E – mail: kurmanova\_g@akt.nis.edu.kz*

*Қосым Ғазиза Әнуарбекқызы*

*11 «D» сыныбы оқушысы*

*Химия–Биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік Мектебі*

*Ақтау қаласы, Қазақстан*

*E – mail: kosim.gaziza.06@gmail.com*

### **Аңдатпа**

*Бұл мақала Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің халқымыздың педагогика саласындағы қалдырған ізін айқындап, қазіргі таңдағы сабақтастығын қорытындылайды. Олар барша қазақ болашағы үшін екі тілді мектеп – училищелерді алғаш ашып, ресми түрде ағартушылықтың іргетасын қалаған. Жаңа форматтағы оқу жүйесінен қорыққан халықтың бара – бара сеніміне де ие болды. Ең бастысы екеуі де демократиялық ұстанымдарға берік болып, келесі буынға құндылықтарды аманат ретінде қалдыра алды.*

**Түйінді сөздер:** педагогика, ағартушылық, мектеп, училище, демократия.

### **Аннотация**

*Эта статья определяет отпечаток оставленный И.Алтынсариным и С.Кобеевым в области педагогики нашего народа и анализирует его преемственность на современном этапе. Для обеспечения светлого будущего нашего народа они открывали первые училища с двух языковой средой. Со временем они завоевали доверие народа с новым форматом обучения. Самое главное в такое не простое время они смогли быть верным демократичным ценностям и сохранить его для следующего поколения.*

**Ключевые слова:** педагогика, просвещение, школа, училище, демократия.

### **Abstract**

*This statement describe significant changes in national pedagogy by Y.Altynsarin and S.Kobeev. To ensure the bright future of our people, they opened the first schools with a two – language environment. Over time, they deserved the trust of the people with a new format of education. Most importantly, in such a difficult time, they were able to be true to democratic values and preserve it for the next generation.*

**Key words:** pedagogy, school, democracy.

XVIII ғасырда әлемнің көптеген елдерінде ағартушылық идеясы өзекті болды. Халықтың, адамның бостандығын қорғаған ағартушылар бейбіт жолмен жетуге үміттенді. Қалыптасқан әлеуметтік теңсіздік адамзаттың надандығынан қалыптасты деп санайтын. Сол себепті ағартушылардың алдағы басты мақсаты – халықты сауаттандыру.

Ресей империясының бодандық саясатына қарамастан, қазақ халқының рухани сауаттылығын арттыруға, сол заманнан бүгінгі күнге дейін белгілі ғұламалары ықпалы етті. Орыс мәдениеті мен қоғамдық көзқарастың әсерінен қазақ ағартушыларының дүниетанымы қалыптасты. Солардың бірі Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық перформансы барша халыққа танылған. Ол 1841 жылы Қостанай облысында, беделді би Балқожа атасының қолында өскен. Оның шығармаларын кіші сыныптан бастап дәріптеуде. Атақты, ірі тұлға Орынбор шекара комиссиясы жанындағы мектепке небәрі бес жасында жазылып, алтын медальмен бітірді. Жастайынан білімге құмар болған Ыбырай Алтынсарин ендігі кезекте ағартушылықты қолға алған. Ол орыс араб, парсы және татар тілдерін жақсы меңгерген [1, б. 163]. Тәлімгерліктің жолында қазақ халқының білім беру жүйесінің іргетасын қалаған адам. Ыбырай Алтынсарин үш жылдай орыс графикасына үйлестіріп қазақ алфавитін жасаған [1, б. 190]. Жастайынан атасының қолында өскен Ыбырай, замандастарының арасында зеректігімен, білімге құштарлығымен көзге түскен. Мектебіндегі сыныптастарымен салыстырғанда ол өз халқының тарихын, мәдениетін ғылыммен сабақтастыруды көздеді. Ресей Империясының құрамындағы халыққа орыс тілісіз білімге жету қиындық туғызатын кезеңде, Ыбырай Алтынсарин бірнеше мектеп ашып, қазақ баласын жан жақты білімге баулуға уақытын, қаражатын аямады. Бұл әрекеттер қайраткердің патриоттық сезімі жоғары екендігін көрсетіп қана қоймай, бүгінгі ұрпаққа үлгі ретінде саналады. Өйткені, рухтық санасы жоғары азамат өз еліне еш материалдық табысты көздемей еңбегін сіңіреді. Сол кезеңдерде алғашында тек миссионерлік мектептер болған, ол жерде патша үкіметін жақтайтын байдың балаларына ғана оқуға рұқсат етілді. Миссионерлік мектептердің тағы да бір кемшілігі идеологияға байланысты қазақ балдарына сауатты білім берілмеді. Әлеуметтік жағдайға қарап қазақ баласының білімнен шектелуі Ыбырайды қынжылты. Мысалы, ол патшалық саясатқа қарсы болды. Оған дәлел 1880 жылғы «Оренбургский листок» газетіндегі мақаласы [2]. 1860 жылы облыстық басқарма Орынбор бекінісінде қазақ балаларына бастауыш мектепті ашуға ұсынды. Бұл қиынға соқты –



жергілікті халық пен жергілікті әкімшілік қолдамады, қарсыласты. Осы кезде ол 19 жаста еді. Мектепті ашу үшін әкімшілік нұсқаулар мен қызметі туралы ғана бағыт берді. Ал қаржылық пен басқа да қолдау болмады. Мектеп іргетасы мен қабырғасын тұрғазатын материал да берілмеді. Тіпті оқулықтар да берілмеді. Бірақ қайсар, мақсатшыл Алтынсарин істі аяғына дейін жеткізді.

Ол 3 жыл бойы атасының жанында хатшы болды. Халқының болашағы сауатты білімге қол жеткізе алмай жүргенін көргенде, мәселені шешуге тырысты. Алтынсарин жан жақты білімін дамытқан кісі. Ол этнограф – ғалым, ақын ретінде танылған. Ыбырай Алтынсарин Ресей Географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ этнография туралы мақалалар мен баяндамаларды шығарды. Ол қазақ халқының дамуы мен білімге деген құштарлығы қаншалықты маңызды екенін түсінді [2]. 45 жыл өмір сүріп, 14 мектеп, училищелер ашты, солардың арасында Ырғызда ашылған ең алғашқы қыздар мектебі де бар. Сонда халық ағартушысы тарихтың жаңа заман кезіндегі патриархатты қоғамда әйелдердің сауаттануына аса мән бергенін байқауға болады. Ең алғашқы мектебі Торғай облысының басшылығымен ашылды, 1879 жылы осы облыс мектептерінің инспекторы болып тағайындалды [3]. Мектептерде балаларға өмірге қажетті білімді тек теория ретінде емес, практика түрінде де қамтамасыз етті. Олардың арасында қыш өнері, ветеринария, сабын қайнату, кірпіш күйдіру секілді шаруашылыққа бағытталған өнерлер көп. Тіпті шаруашылық қолөнердің халықтың экономикасына маңыздылығын аңғарып, шығармаларында жас буынды еліктіруге тырысты. Ондай жаңа өзгерістерге бейімделмеген халық алғашында мектептерден бас тартқан болатын. Ағартушы – педагог «Кел балалар оқылық» – деген ұранмен, ауылдан ауылға өз білімін таратудан бет бұрмаған. Оның педагогикалық ұстанымы соншалықты жоғары, тіпті оқулықтар жетіспегенде өз қолымен жазылған шығармаларды, кітаптарды қолдана бастады. Мысалы: «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы», «Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін үйретуге арналған алғашқы басшылық» [4.]. Нәтижесінде әрбір қазақ Ыбырай Алтынсариннің ерең еңбегін жоғары бағалады.

Оған дәлел елу жылдан астам ұстаздық қызмет атқарған Спандияр Көбеев. Спандияр Көбеев 1878 жылы Торғай облысында дүниеге келген [5]. Алғашында Ы.Алтынсарин ашқан орыс – қазақ мектебінде оқыды. Ол өмір бойы социалдық дәрежесіне байланысты дискриминацияға ұшыраған болатын. Алайда білімнің маңызын түсінген ата – анасы және ұстаздарының қолдауымен ұстаздыққа байланысты шығармалар, оқулықтар жазып, мектеп ашқан. Ұстазы Ыбырай Алтынсариннің әдістерін негізге ала отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуға арналған көптеген оқулықтар, мақалалар жазды. Мысалы «Үлгілі тәржіме» 1940 және «Үлгілі бала» (1912 жылы) кітаптары басылып шығады. С. Көбеевтің соңғы жылдары жазған «Орындалған арман» атты мемуарлық еңбегі [6]. Ол қазақ балалардың орыс атақты жазушыларының еңбектерін білуі үшін көптеген аудармалар жинағын шығарған. С.Көбеевтің түп мақсаты Ы.Алтынсариннің идеясына ұқсас. Соның арқасында ауылдардағы мектептерді алғаш ұйымдастырушылардың бірі болды.

Қазіргі таңда жаһандану процесі үздіксіз жүруде. Оқушы өзіне қажет ақпаратты ғаламтор арқылы әлемнің түкпір – түкпірінен таба алады. Яғни салыстырмалы түрде XIX ғасыр мен XXI ғасырда материалдық мәселелер түрі бірдей емес. Алайда Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің идеялары әліде ахуалды болып саналады. Анығырақ айтқанда, қазақ баласының жан жақты дамуы дисциплина сақталуымен өтсе, еліміздің өмір коэффициенті көтеріле алады. Ресей Империясы кезінде отаршылық саясатының зардабын азайту үшін Ыбырай Алтынсарин шаруашылық бағытындағы мектеп училищелерінде сабын қайнату, егін егу және ветеринария секілді салаларды мектеп программасына енгізді. Оның педагогикалық тәжірибесін саралай келе осындай қорытындыға келуге болады:

Алтынсарин еңбектеріне үңілсек, қазақ мәдениеті, менталитетіне аса көп мән беріледі. Яғни тек ақылды ғана болмай, өз елінің азаматы болуды үйретуде. Сонымен қатар ол әлеуметтегі ұстаз рөлін көтеруге орасан зор еңбек етті. Алтынсарин концепті бойынша, ұстаз әрқашанда креативті ойлауға баулитын тәрбиеші, академиялық жетістіктерге жетелеуші. Сондықтанда білім және тәрбие жөнінде жаңалықтар ашуды құптады [7].

Заманауи білім жаһандық азаматты қалыптастыруды талап етеді. Яғни оқушының бойына өмірге қажетті коммуникативті, көшбасшы, бейімді, сыни ойлау дағдыларды дарыту. «Әлемдену» процесі Қазақстанның білім саласына өз ерекшеліктері мен қағидаттарын енгізуде: өзге елдің, ұлттың, қоғамның танымына, дініне, мәдениетіне толеранттылық, құрмет таныту. Осындай жылдам болып жатқан өзгерістер үрдісінде өз халқымыздың дүниетанымының, мәдениетінің, ділінің бірегейлігін сақталап қалу жаңа бір сын – қатер болып табылады. Ыбрай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің салып кеткен сара жолы білім беру мен тәрбие үрдісінде тұлғаға бағытталған білім беру өзекті десе болады.

Алтынсариннің ойынша, ұстаз теориядан көрі оқытудың құндылығына, әдістемесіне назар аудару керек. Ұлы ағартушы мұғалімнің кәсіби қабілеттеріне аса мән беруші еді, сол секілді бүгінгі жаңартылған білім беру жүйесі де сабақ басталғаннан аяқталғанға дейін оқушыны оқуы жайлы әрі қабылдау деңгейіне сай ұйымдастыруды талап етеді. Тақырып аясында өміріне азық болар дағдыларды қалыптастыруды алға қояды. Дәл осылай Ыбырай мен оның шәкірті ар белгілі аймақтың қажеттілігіне байланысты мектепте сабақ үйрету қажет деп шешкен еді кезінде. Ал қазіргі білім беру жүйесінде де осындай тәсіл қолдануда. Яғни АО «Назарбаев Мектебі» әр өңірдің өндірістік мәселесіне

қарай мектептерді бағыттайды. Мысалы Маңғыстау өңірінде мұнай өндірілгендіктен аталмыш мектеп жаратылыстану пәндерінен терең білім береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1) Ш.М.Аманқұлова, Л.А.Бердіғалиева, А.С.Мағзұмова. Қазақстан тарихы. 8 сыныптарға арналған оқулық. 2019. Ыбырай Алтынсаринның халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалды?. URL: <https://textbooks.nis.edu.kz/>
- 2) Ибрай Алтынсарин // Ибрай Алтынсарин Портал «История Казахстана» – всё о Казахстане. URL: <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12626> (дата обращения: 23.01.2023)
- 3) Ыбырай Алтынсарин. Өмірбаяны. URL: [https://ibraj.allib.kz/?page\\_id=247&lang=kk](https://ibraj.allib.kz/?page_id=247&lang=kk) (дата обращения: 25.01.2023)
- 4) Ибрай Алтынсарин – просветитель казахского народа // Ибрай Алтынсарин – просветитель казахского народа – Портал «История Казахстана» – всё о Казахстане. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3950> (дата обращения: 25.01.2023)
- 5) Аян Өден. Спандияр Көбеев ұстаздық жолы. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/28497> (дата обращения: 28.01.2023)
- 6) Ж.Исакаев. Спандияр Көбеев шығармашылығы және өмірі. (2015). URL: [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/26748/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/26748/) (дата обращения: 29.01.2023)
- 7) Педагогические идеи И.Алтынсарина в современном образовании. URL: <http://collegy.ucoz.ru/publ/11-1-0-25041> (дата обращения: 29.01.2023)

ӘОЖ 37.013

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚАЛДЫРҒАН АСЫЛ МҰРАСЫ

*Кушмурзина Даметкен Хажмухановна  
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі  
Ә.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институті  
А Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: dametken1201@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Бұл мақалада Ы.Алтынсариннің қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлесі және болашақ ұрпақтың ақыл – ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі қарастырылады.*

*Түйінді сөздер: балалар әдебиеті, тәрбие, білім, адамгершілік, еңбек.*

#### Аннотация

*В данной статье рассматривается вклад И.Алтынсарина в казахскую детскую литературу и основы воспитания нравственных, эстетических трудовых навыков в формировании личности будущего поколения.*

*Ключевые слова: детская литература, воспитание, образование, нравственность, труд.*

#### Abstract

*This article discusses the contribution of I.Altynsarin to the Kazakh children's literature and the basics of educating moral, aesthetic labor skills in shaping the personality of the future generation.*

*Key words: children's literature, upbringing, education, morality, work.*

Қазақ елі Ыбырай Алтынсаринді қазақ педагогикасының негізін салушы, прозаик және ақын деп қана білмей, қазақ балалар әдебиетінің атасы, негізін қалаушы деп те таниды. Ұлы педагог – қазақ балаларын, жалпы қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған ұстаз. Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақты ұлы педагогына айналды. Қазақ балалар әдебиетінің атасына айналған алғашқы ұстазымыз өз туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді. 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол: «Қазақтарға – осы дарынды, ақыл – есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де аса қажет болып отыр», – деп жазды. Бұл жолға жету үшін атамыз көп қиыншылықтар да кездестірді. Ел ішіндегі ескішілдік, парақорлық пен өсек – аяң оның жанын күйзелтті. «Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек» – деп санады.

Сонымен Ыбырай өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне